

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.1,Ч.4. - Б.114-116

ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тастанбекова Н. Д.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында таяудағы 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыру қазіргі заман талабы екендігін айтып өткен.

Жолдауды іске асыруды заңнамалық тұрғыдан бекіту мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығымен "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту" туралы құжаттың қабылданды. Аталған құжат Қазақстан Республикасында дуальды оқытудың жалпы ережелерін, дуальды оқытудың қатысушыларын, дуальды оқытудың міндетті компоненттерін, дуальды оқытуды ұйымдастыру және жүргізу, дуальды оқытуды ұйымдастыруға қатысушылардың функцияларын анықтап ажыратып көрсеткен.

Қазіргі таңда Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде дуальді білім берудің ғылыми-теориялық негіздері жан-жақты зерттелуде. Біздің зерттеулеріміз жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальді оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздерін зерттеуге негізделеді. Бүгінгі күні шет елдік тәжірибелерге сүйене отырып, білім берудің жаңа буын мемлекеттік стандарттарын жасауға жұмыс берушілер қатыстырылып, дуальдық жүйені жоғары кәсіптік білім беру үлгісіне енгізудің мүмкіндіктері мен алғышарттары қарастырылуда. Бұл орайда ЖОО-да академиялық кеңестер құрылып, бакалавр білім беру деңгейі бойынша заманауи жұмыс берушілердің сұраныстарын қанағаттандыратын мамандарды дайындайтын модульдік білім беру бағдарламалары дайындалуда.

Жоғары кәсіптік білім берудің жаңа буын мемлекеттік стандарттары құзыреттілік тұғырға негізделген, соған сәйкес қазіргі заманғы маман еңбек нарығында және кәсіби салада әлеуметтік қорғалуды, икемділікті, бейімделгіштікті, табыстылықты қамтамасыз ететін әлеуметтік және кәсіби сапалардың жиынтығына ие болуы қажет. Стандарт талаптарына сәйкес кәсіби құзыретті маман даярлау мазмұны білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға ғана емес, өндіріс қажеттіліктеріне сәйкес дамыған кәсіби іс-әрекет дағдыларын меңгертуге бағытталған.

Бүгінгі таңда, жоғары кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік нақты білім беру мекемелерінің жұмыс берушілермен, жергілікті атқарушы үкімет, жастардың кәсіби қалыптасуы және олардың аймақтық еңбек нарығын игеру үдерісіне қатысушы барлық тараптардың мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған серіктестіктің түрі болып табылады. Жоғары кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік қарым-қатынасқа қатысушылар білім алушы, өндіріс, жоғары оқу орны болып табылады. Жоғары кәсіптік білім берудің әлемдік тәжірибесінде әлеуметтік серіктестікті жүзеге асырудың тиімді жолы ретінде Германияның дуалдық жүйесі кеңінен таралған.

Мәселені теориялық зерттеу барысында түрлі елдердің білім беру жүйесін талдағын салыстырмалы педагогиканы зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйендік: Б.Л. Вульфсон, В.М. Гаськов, Б.С. Гершунский, Г.Б. Корнетов, В.В. Краевский, В.С. Леднев, Б.Т. Лихачев, З.А. Малькова, М.В. Кларин, Н.Д. Никандров, В.М. Полонский, Т.Ф. Яркина.

Зерттеу барысында ізденуші Германия елінің кәсіптік білім берудің дуалды жүйесін зерттеген танымал ғалымдардың еңбектеріне сүйенген. Қазіргі дуалды білім беруді Blankertz H., Bunk G, Dehnbostel P, Greinert W, Kutscha G., Naumann J., Nolte H., Puetz H, Schelten A., Schmidt H. B, ал кәсіптік білім берудің дуалды жүйесін тарихи тұрғыда зерттеген ғалымдар Abel H., Blankertz H., Greinert W., Gruener G, Koenig K., Kuemmel K., Lipsmeier A., Muench P., Schneider H., Stratmann K., Thyssen S. Әртүлі мемлекеттердің ұлттық кәсіптік білім беру жүйесін талдау бойынша: Arnold R., Anweiler O., Benner H., Haussler J., Lipsmeier A., Klein H., Kaemmerlein S., Mitter W, Maslankowski W., Rothe G., Schmidt H., Piechl E., Sellin B., Tessaring M., Zedler R еңбектер жазған [1].

Қазақстанда дуалды оқыту жүйесін білім беру жүйесіне еңгізу техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде яғни, колледждерде бастау алды. Сондықтан дуалды оқытудың жүйесін еңгізудің мүмкіндіктері, ерекшеліктері және жетістіктері колледждердің директоры, әдіскерлері, мұғалімдері мен өндірістік оқу шеберлерінің еңбектерінде көрініс тапты. Атап айтар болсақ, Н.В.Шерстнева О.Г.Витвицкая, С.К.Сапарғалиев, Б.Д.Бозымбаев, Г.Г.Сафонова, Ж.К.Есентаев, Ш.Т.Баекеева, Г.Ерданова, М.А.Айтжанов, В. В.Нечипоренко, Д.К.Токтамысова және т.б.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіне дуалды оқытуды еңгізудің алғы шарттарын С.А.Жолдасбекова, Н.Айдабулова, С.Б.Жолдыбаева, Ф.К.Шуканова, Ж.Е.Алшынбаеваның еңбектерінде қарастырылған.

Дуалды оқыту – кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының жауапкершіліктері тең болған кезде білім беру ұйымындағы оқытуды кәсіпорында білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып және өтемақы төлемін төлей отырып оқыту мен практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны ретінде анықталған.

Дуалды оқыту жүйесінің басты мақсаты - бәсекеге түсе алатын мамандығы бар, кәсібін нақты таңдаған, жұмысқа орналаса алатын және

өзінің кәсіби білімін жоғарылатуға ұмтылған жас тұлғаны өсіру болып табылады.

Дуальды оқыту жүйесінің міндеті - колледжді бітірген жас маман кәсіби жүйедегі оған белгіленген жердегі жұмысының өнімді болуы болашақ маманның кәсіби әрекетіне толық даярлығын қалыптастырады.

Дуальды оқыту жүйесінің қатысушылары:

1) меншік нысанына қарамастан техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары;

2) меншік нысанына қарамастан ұйымдар (кәсіпорындар);

3) білім алушы – студент (тағылымдамашы), тыңдаушы.

Дуальды оқытудың міндетті компоненттері:

1) дуальды оқыту туралы шарт;

2) ұйыммен (кәсіпорынмен) келісілген дуальды оқытудың жұмыс оқу жоспары;

3) өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканы іске асыру үшін жабдықталған оқу, жұмыс орындары және/немесе ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) кәсіптік оқу орталығы;

4) ұйымдарда (кәсіпорындарда) өндірістік оқытудың және кәсіптік практиканың білікті тәлімгерлері болып табылады [2].

Дуальды оқытудың даусыз артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады:

- біріншіден, түлектердің жұмысқа орналасуының жоғарғы пайызын көрсеткіштерін қамтамасыз етеді, себебі оқытудың өндіріс сұранысына мүмкіндігінше жақындауының нәтижесінде олар жұмыс берушілердің талаптарына толық сәйкес келеді.

- екіншіден, білім алушылардың оқуға деген ынтасының жоғарлауы. Болашақ жұмысшының психологиясы қалыптасады. Білім алушылар өндіріске жұмысшы ретінде тіркелгеннен кейін оқуға саналы түрде және жоғары қызығушылықпен кіріседі. Оқу ақпаратын сылбыр тұтынушының орнын өндірісте бастамашыл ұстанымы бар және өзінің қабылдаған шешімдеріне жауап бере алатын жас маман басады. Білім алушы өндірістік қарым-қатынасқа және ұжымға ерте үйренеді.

- үшіншіден "тәжірибеден теорияға" қағидасы жұмыс істейді, білім алушы мәтіндермен және таңбалы жүйелермен емес нақты өндірістік жағдайлармен жұмыс істейді. Қиын теорияларды нақты кәсіби міндеттерді шешу арқылы тәжірибеде меңгеру жеңілдейді.

- төртіншіден, маман дайындау сапасы жұмыс берушінің өзімен тексеріледі. Бірінші күнен бастап білім алушы уақытының басым бөлігін жұмыс орнында өзінің біліктілігі мен ынтасы көрсете отырып өткізеді. Жұмыс беруші болашақ мамандардың дайындығын тікелей өндірістік жағдайларда тексеруге мүмкіндік алады.

- бесіншіден, оқытушылар тек терең теориялық біліммен ғана шектелмей өндірістегі жаңалықтардың барлығынан хабардар болуы керек.

- алтыншыдан, мемлекеттік бюджетке жүктеме азаяды, кәсіби оқытудағы жұмсалатын шығындардың бір бөлігін мекеме өз мойнына алады [3].

Атап өту керек, дәстүрлі кәсіптік оқыту жүйесінде білім алушы кәсіби тәжірибе өту барысында өндірістік қызметпен белсенді айналысқан өндірістік бірлік болмаған болса, ал дуальды оқытуда ол қажетті базалық және кәсіби құзырет сияқты жеке қасиеттерді: ұжымда жұмыс істей білу, технологиялық шешімдерді тиімді таңдау білігі, тапсырылған аумақ жұмысына деген жауапкершілік және т.б. меңгереді.

Сондай-ақ білім беру үдерісін дуальді оқыту жүйесі шеңберінде ұйымдастырып жүргізудің маңызды, өзара байланысты үш құрамдас бөлігін айтып өту керек - кәсіптік бағдар жүйесі, кәсіби өзі-өзі анықтау, кәсіптік бойынша нұсқаулар жүйесі және тәлімгерлік институты.

Дуальды жүйедегі оқытудың негізгі мақсаты - оқу бітіргеннен кейін түлектің кәсіби міндеттерді өзідігінен орындауы. Бүкіл оқыту үдерісі түлектердің өздерінің кәсіби іс-әрекеттерін жоспарлап, орындап және бағалай алуларына бағытталған.

Қорыта келгенде, дуальды оқыту жүйесі жоғары оқу орны білім алушылары үшін таптырмас мүмкіндіктердің бірі. Дуальды оқыту жүйесін меңгеру кезінде білім алушының өзіндік дүниетанымы қалыптасады, сабаққа деген ынтасы және жауапкершілігі артады, өз білімін өзі бағалай білуіне мүмкіндік туды, өз қабілетіне, болашағына сенуіне, танымдық әрекеттерінің қалыптасып, одан әрі шығармашылықпен айналысуына, пәнге қызығушылығының артуына мүмкіндік береді.

Дуальды оқыту жүйесі - заманауи технологияның еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік беріп, әрбір түлектің оқу орнын бітіріп шыққан соң жұмысқа орналасуына кепілдік беретін бірден-бір таптырмас жүйелердің бірі.

Жоғары оқу орнында жастардың қалаған мамандығын игеру мүмкіндігіне ие болуы, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуы - еліміздегі білім беру саласының ілгері басуы үшін жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың нәтижесі.

Әдебиеттер тізімі

1. Федотова Г.А. Развитие дуальной формы профессионального образования: Опыт ФРГ и России. Автореферат докт.дисс. -Москва. 2004 г.
2. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.
3. Ivar Bråten. Beliefs about sources of knowledge predict motivation for learning in teacher education // Teaching and Teacher Education An International Journal of Research and Studies, Volume 50, August 2015, Pages 13–23.